



Hyx





Құдай адамды жаратқанда, оны Өзіңе (рухани жағынан) ұқсас етіп жаратқан болатын.

Құдай адамдарды бірін еркек, бірін әйел қылып жаратып, сол күні батасын беріп, оларға "адам" деген ат қойды.

Адам ата жүз отыз жасқа келгенде өзіне ұқсас бір ұлды дүниеге әкеліп, оған Сет деп ат қойды.

Адам атада басқа ұл мен қыздары болды.

Сет Еносты туып, әке болды.

Енос Қайнан туылған кезде әке болды.

Қайнан Мақалел туылған кезде әке атанды.

Мақалел Иәрет туылған соң әке болды.

Иәрет Енохты дүниеге келтірді.

Енох Мәтусалды туды.

Енох Құдаймен тығыз байланыста жүріп, жер бетінен ғайып болды, себебі Құдай оны Өзіңе алып кеткен еді.

Мәтусал Ләмехті туды.

Ләмех те ұлды болды. Оның есімің Нұх деп қойып: " Ол Жаратқан Иенің қарғысына іліккен жерде бейнетпен жұмыс істеп жүрген бізге жұбатушы болады."

Нұх Шам, Хам және Япшы деген ұлдары дүниеге келеді.

Нұх есімі жайлылықты білдіретін.



Адамдар жер бетінде көбее бастады. Сондықтан Жаратқан Ие бұдан былай адамдар жүз жиырма жыл ғана өмір сүрсін деді.



Жаратқан Ие адамдардың жер бетінде әбден азғындыққа салынғанын көрді.

Сондықтан Ол: "Мен Өзім жаратқан адамды да, онымен қоса малдарды, бауырымен жорғалаушыларды және аспандағы құстарды да жер бетінен құртып жібермекпін. Өзім жаратқандардың күнәкарга айналғандарына қайғырамын.



Жаратқан Иенің рақымына тек Нұх ғана ие болды.

Бұл оқиға Нұх жайында.

Нұх замандастарының арасында әділ де кінәратсыз, Құдаймен тығыз байланыста жүрген адам еді.



Нұхтың әйелі және Шам, Хам, Япшы деген ұлдары болды.



Құдай Нұхқа сөйледі....

Мен күллі тіршілік иелерінің өмір сүруін тоқтатамын. Жер беті солардың кесірінен зұлымдыққа толды, сол себепті оларды жермен қоса құртып жіберемін. Сен мықты ағаштан сандық тәрізді кеме тұрғыз, оны бірнеше бөлімдерден тұратын етіп жасап, іші-сыртын қара шайырмен майла. Оны былай жаса: ұзындығы үш жүз, ені елу, биіктігі отыз шынтақ болсын. Кемеңің үстіне шатыр тұрғыз. Ішін ойып, терезелер жаса, олардың ең жоғарғы жерінде бір шынтақ етіп айналдыра орналастыр. Ал есігін бүйірінен шығар. Кемеңің төменгі, ортаңғы, жоғарғы қабаттары болсын.

Біліп ал, Мен аспан астындағы жанды мақұлықтардың бәрін құрту үшін жер бетіне топан су қаптатамын. Жер бетіндегінің барлығы құруға тиіс.

Алайда сенімен Келісімді жасамақпын. Өзің де, ұлдарың, әйелің және келіндерің де кемеге кіресіндер.



Құдай Нұқа былай
деп бұйырды...

Тірі жануарлардың
әрқайсысынан екі-екіден кемеге бірге
ала баруың керек. Біреуі ұрғашы
болсын. Тіршілік жалғастыру үшін
құстардың, малдардың және бауырым
жорғалаушылардың әр
түрінен-барлығынан қос-қостан сенімен
бірге ішке кірулері керек.


Өзіңді және оларды
тамақтандыру үшін жеуге
жарайтын тағамдардың бәрінен
қор жасап ал.

Нұх бұларды мұқият орындады. Ол барлығын
да Құдайдың өзіне бұйырғандай істеді.

Жеті күннен кейін.....

Жаратылыстың басталуы 6:19-7:10


НУЕТ-14



Дәл сол күні терең тұңғиықтағы барлық қайнар көздерден су атқылап, әрі "аспан қақпақтары айқара ашылып", жерге қырық күн, қырық түн бойы жаңбыр құйып тұрды.

Сонымен жер бетін қырық күн бойы топан су қаптады, судың көтерілгені соншалықты, кеме қалқып жүрді. Жер бетінде су тіптен көбейіп асып-тасып кетті, кеме судың үстінде жүзіп жүрді. Су жер бетінде көбейіп, көтерілген үстіне көтеріле берді, тіпті аспан астындағы барлық биік таулар да судың астында қалды. Осылай топан су таулардың шыңдарынан он бес шынтақ биіктікке көтеріледі.

КОМ



Сонда жер бетінде қыбырлап жүрген күллі тірі жандар: құстар, малдар, аңдар, жер бетінде қаптап жүрген жәндіктер түгелімен және барлық адамзат та суға батып кетті. Осылайша құрғақ жердегі атаулының иелері түгел опат болып, жер бетіндегінің барлығы жойылды.

Жер бетінен бір тірі жан қалмады. Тек Нұхпен бірге кемеңің ішінде болғандар ғана аман қалды. Жүз елу күн бойы жер бетінде су үздіксіз көтерілумен болды.

Құдай Нұхты және онымен бірге кемедегі барлық аңдар мен малдарға мейірімділік көрсетіп, жер бетінде жел тұрғызды.

Кеме судың бетінде жүз күннен астам қалқып жүзіп жүрді. Содан соң Нұх қарғаны жіберді.

Әке, сен оны неге ұшырды?

Ол биіктіктен жер бетін көреді, сулар кетті ме, кетпеді ме сол үшін жібердім. Егер ол қайтып келсе, жер беті суға толы екенің білетін боламыз.

Жоқ әке, мен оны айтып тұрған жоқпын. Бізде екі ғана қарға бар, оның бірісі жоғалып кетсе, не істейміз?

Келесіде көгершінді жіберемін. Олардан жетеуі бар....

Қарға су бетінде тек алға және артқа ұша алатын.

Бір жеті өткеннен кейін...

Әке, неден қобалжып тұрсың?


Сен өткен жетіде қарғаны жіберіп едің, бірақ одан түкте шықпады.

Иә, сыртта не болып жатқаның білгім келеді. Бірақ есікті ашуға да қорқамын. Бәрімізді қауіп-қатерге тіге алмаймын.

Келесі жетіде...

Әке, қалай ойлайсың уақыты келді ме?

Ол күн де келетініне сенемін. Бір күні келеді.



Қара ол оралды!

Иә әке, ол қайтып оралды! Қара! Оның тұмсығында бір нәрсе бар сияқты!!!



Зәйтүн жапырағы!

Зәйтүн жапырағы!

Нұх тағы бір жеті күтті, содан соң....

Бүгін ол қайтып келмейтін сияқты, оны сезіп тұрмын!



Бұл құс өзіңе қоныстанатын жер тапты, мен оны білемін.

Менің ойымша, біз үшін және жануарлар үшін жердің құрғақ болуын біраз күтетін сияқтымыз. Бірақ...

Әке, кемеңіз құрылысы ұзаққа созылып еді ғой, қазіргі күтетіміз көп емес. Көпке де шыдадық, осы азға да шыдаймыз!



Кемнің есігі жабылғаннан кейін
үш жүз жетпіс алты күн өтеді.



Жердің беті құрғақ болды.



Кемеде болған түрлі
құстарды, малдарды және жер
бетінде жорғалап жүргендерді
сыртқа алып шық, олар жер
бетін жайлап, өсіп-өніп
көбейсін».





Өсіп-өніп,
ұрпақтарың көбейіп,
жерді толтырыңдар

Сендерді көргенде,
барлық жер бетіндегі аңдар мен
аспандағы құстарды, жер үстінде
қыбырлап жүргендер мен
теңіздегі балықтарды үрей мен
қорқыныш билесін.

Себебі олар сендердің
биліктеріңе берілді.

Қимылдап
жүргендер мен
кеудесінде жаны
барлардың бәрі
сендерге қорек
болады.

Өсімдіктерді
бергенім сияқты,
қазірден бастап
сендерге бәрін де
беремін.

Егер сендердің
қандарың төгілетін болса,
Мен сол үшін есеп беруді
талап ететін боламын.

Кез келген
аңнан және кісіден
адамның өмірі үшін
есеп беруді талап
етемін.

Кімде-кім
адамның қанын
төксе, есеп беруді
талап етемін.

Кімде-кім адамның
қанын төксе, оның да қаны
адам арқылы төгілетін болады
, себебі Құдай адамды Өзіне
(рухани жағынан) ұқсас етіп
жаратты.

Ал сендер
өсіп-өніп көбейіп,
жер бетін жайлаңдар

Мен садаққа ұқсас
кемпірқосағымды бұлтқа
орнатамын, бұл — Менімен
жердің арасындағы
Келісімнің белгісі.

Мен жерге жаңбырдың
бұлттарын жібергенде, олардың
арасынан кемпірқосақ көрінетін
болады. Сол кездерде Мен Өзімнің
сендермен және барлық тіршілік
иелерімен жасаған Келісімді
есіме түсіремін

су бұдан былай
ешқашан да барлық
тіршілік иелерін
құртатын топан суға
айналмайды.

Бұлттың арасында
тұрған кемпірқосақты көрген
сайын, Мен жер бетіндегі әр түрлі
тіршілік иелерімен мәңгілікке
жасасқан Келісімді есіме
аламын



Нұх және оның
жанұясы жұмыс
істей бастады.

Жерді өңдей
бастады.

Үйлер сала
бастады.

Жануарларды
бақты.

Олар жаңа өмір
бастады.

Бір үйді бір-екі күн
ішінде бітіргенде жақсы
сезімге бөлінесін. Солай
емес пе бауырым?


Ұзын көп
метрлі ағаштарды
көтермей үй
салғаны қандай
рақат!

Егер сіз
ойласаңыз, біз бұл
шатырдың да, кемеңіз
де құрылысын
бастаған себебіміз:
құрғақ қалу.

Нұх жер өңдеп, жер бетінде
бірінші болып жүзім екті.

Бірде ол шарап ішіп,
мас болды.

Ммм.
Жақсы.
Тәтті.





Мен ойламайын десем, ойымнан шықпайды бауырым! Адам ата мен Хауа ана күнә жасағаннан кейін, олардың ең бірінші ойлары жалаңаш болғандары жайлы болды.

Бірақ әкеміз.....Ол замандастарының арасында ең әділі еді ғой!
Ол адамзатты зұлымдықтан құтқару үшін таңдалған емес пе? Ол зұлымдық Құдайды қайғыға түсіретін.

Көптеген күнәһарлар кетті, бауырым, бірақ күнә кеткен жоқ.

Біз әлі тіріміз.



Қарама әкеме Япші.
Оның масқаралығын көрмегеніміз жөн.



Не...Не болып жатыр?
Шамның алжапқышы неге менің үстімде жатыр?

Нұх, сен шарап ішіп мас болып қалдың. Бұл жерде жалаңаш ұйықтап қалыпсың.

Ұлдарың бұл жалаңаш түріні көруші еді. Бірақ та Хам сені көріп, жиіркеніп кетіп қалды. Ал Шам мен Япші бір жамылғыны иықтарына іле салып, теріс қарап ішке кіріп, сенің денеңді жапты. Жүздерін басқа жаққа бұрғандықтан, олар сенің жалаңаш денеңді көрген жоқ.



Хам? Хам? Менің бұл түрімі көріп, тастап кеткені үшін қарғыс атсын!

Шам мен Япшіні маған көмектескендері үшін Құдай жарылқасын!

Ол Ағайындарының ең бейшара құлына айналсын!»



Нұх, Хам сенің қолыңа бұл шарап тостағаның ұстатып қойған жоқ қой.

Сені шарап ішуге Хам мәжбүрлеген жоқ.Ессіз қалғаныңда, ол сені шешіндіріп жалаңаш еткен жоқ.

Қаншама қиындықтарды басымыздан кешірдік, қазірдің өзінде мен де, ұлым да қате таңдау жасадық!

Сонымен Нұхтың әулиеті өсе берді. Оның ұлдарында өз ұлдары туылды.



Әке!
Бұл ұл ғой!
Оның есімің Арам
деп қойғымыз
келеді.
Менің әйелім
қазір жақсы! Оны
басқа әйелдер күтіп
бағып отыр.



Саған тұңғыш
немереңді
көрсеткім
келді.



Арам.



Зұлым ұрпақ
жойылып кетті, бірақ
зұлым-бізде зұлым-
енді жоқ.

Жер бетін топан
сумен ешқашан
жоймайтыны туралы
бізде Құдаймен келісім
бар.

Болашақ ұрпақтың
күнәларын жуып шаю үшін
Құдай қандай келісім
жасайды екен?

Осы жанұядан топан судан кейін
пайда болған халықтар жер бетіне
тарап кетті.

ТОПАН СУДАН КЕЙІН НҰХ
350 ЖЫЛ ӨМІР СҮРДІ.




ТОПАН СУҒА ДЕЙІНГІ ЗАМАНДА АДАМНЫҢ
ӨМІР ЖАСЫ ҰЗАҚ БОЛАТЫН. ОНЫҢ ЕКІ
СЕБЕБІ БАР.

БІРІНШІДЕН ОЛАРДЫҢ ГЕНЕТИКАСЫ
БІРІНШІ АДАМ МЕН ӘЙЕЛДІҢ
ГЕНЕТИКАЛАРЫ СИЯҚТЫ МІНСІЗ
БОЛДЫ.




ЕКІНШІДЕН, МҮМКІН ТОПАН СУҒА ДЕЙІНГІ ҚОРШАҒАН
ОРТА ЖЫЛЫЖАЙДАҒЫ СУЛЫ ТӨБЕГЕ ҰҚСАС БОЛДЫ.
БҮКІЛ ЖЕРДІ ҚОРШАП, УЛЬТРАКУЛГІН СӘУЛЕЛЕРДЕН
ҚОРҒАП, ЖАНУАРЛАР МЕН ӨСІМДІКТЕРГЕ МІНСІЗ
ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІП ТҮРДЫ.



ТОПАН СУДАН КЕЙІН ЖЕР ТОПЫРАҒЫ
МҮЛДЕМ БАСҚА БОЛДЫ. ЖЕР БЕДЕРІ
ӨЗГЕРДІ. БІРАҚ ТА ТОПЫРАҚ СОЛ УАҚЫТТА
ДА ӨНДЕУ ҮШІН ҚҰНАРЛЫ БОЛДЫ.

НҰХТЫҢ ҰЛДАРЫ ҚҰДАЙДЫҢ ТІЛІН
АЛЫП, ЖЕР-ЖҮЗІН ТОЛТЫРА БАСТАДЫ.
ОЛАРДЫҢ ДА ӨЗ ҚЫЗДАРЫ МЕН
ҰЛДАРЫ БОЛДЫ.






НЫМРОД "БҮЛІКШІ" НҰХТЫҢ ШӨБЕРЕСІ ЕДІ ЖӘНЕ ДЕ МЫҚТЫ ЖАУЫНГЕР БОЛДЫ.

СОЛ ЗАМАНЛАРДА ЖЕРШАРЫНДА ТЕК ҚАНА БІР ТІЛДЕ СӨЙЛЕСЕТІН.

ОЛАРҒА ҚҰДАЙ БҮКІЛ ЖЕР-ЖҮЗІН ТОЛТЫРУДЫ БҮЙЫРҒАН. БІРАҚ ОЛАР ОНЫҢ ОРНЫНА, ШЫҒЫС ЖАҚТА КӨШІП ҚОНЫП ЖҮРГЕНДЕ ШИНАР ЖЕРІНДЕ ФЕРТЛІ ЖАЗЫҚ АЛҚАБЫНДА ҚОҢЫСТАНДЫ.



ӨЗІМІЗГЕ ҚАЛА ЖӘНЕ ТӨБЕСІ КӨККЕ ЖЕТЕТІН ЗӘУЛІМ МҰНАРА ТҮРҒЫЗЫП АЛАЙЫҚ. ОСЫЛАЙША ӨЗ АТЫМЫЗДЫ ШЫҒАРАЙЫҚ, СОНДА БІЗ ЖЕРДІҢ ТҮПКІР-ТҮПКІРІНЕ БЫТЫРАП КЕТПЕЙМІЗ.

ҰЛЫ НЫМРОД БІЗДІ ЖЕТЕЛЕЙТІН БОЛСЫН.




КЕЛІҢДЕР, КІРПІШ ҚҰЙЫП, ОТҚА КҮЙДІРЕЙІК!

СОНЫМЕН ОЛАР ТАС ОРНЫНА КҮЙГЕН КІРПІШ, ӘК ОРНЫНА ҚАРАМАЙ ҚОЛДАНДЫ.



БІЗГЕ
ЖҮРГІЗЕТІН ҚҰДАЙ
ДА, АТАМЫЗ НУХТЫҢ
ЕРЕЖЕЛЕРІДЕ КЕРЕК
ЕМЕС.

БҮЛ ҰЛЫ ҚАЛА
ЖЕР ОРТАСЫ БОЛАДЫ.
БҮКІЛ АДАМДАР БҮЛ ЖЕРГЕ
ТАБЫНУ ҮШІН КЕЛЕТІН
БОЛАДЫ.



ЖӘНЕ ДЕ
НЫМРОД БІЗДІ
БАСҚАРЫП
ОТЫРАДЫ.

ОЛ БІЗДІҢ
БАСШЫМЫЗ ЖӘНЕ БАС
ДІНИ ҚЫЗМЕТКЕРІМІЗ
БОЛАДЫ.

ОЛ ҚҰДАЙ.



СӨЙТІП ЖАҢА ТАБЫНУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ.

ЖАРАТЫЛЫСТЫҢ БАСТАЛУЫ 11:4



ОЛАР ТӨБЕСІ КӨККЕ ЖЕТЕТІНДЕЙ
ЗӘУЛІМ МҰНАРАНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫН
БАСТАДЫ.

НЕГІЗІ АДАМДАР ТЕК МҰНАРА ЕМЕС, ҮЛКЕН БІР
ҒИМАРАТ САЛҒЫЛАРЫ КЕЛДІ. ОЛ ЖЕРДЕ
ҚҰДАЙҒА ЕМЕС, ЖҮЛДЫЗДАРҒА ТАБЫНУ ЖӘНЕ
БІР НӘРСЕЛЕРДІ ОЙЛАП ТАБУДЫ ҚАЛАДЫЛАР.

ЖАРАТКАН ИЕ КӨКТЕН ТҮСІП, АДАМДАР
ТУРҒЫЗЫП ЖАТҚАН ҚАЛА МЕН МҮНАРАҒА
КӨЗ САЛДЫ.







ОЛАР БІРТҮТАС
ХАЛЫҚ БОЛЫП, БІРДЕЙ ТІЛДЕ
СӨЙЛЕП, МЫНАНЫ ІСТЕЙ
БАСТАДЫ. БУДАН БЫЛАЙ ОЛАР
ОЙЫНДАҒЫЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ
АСЫРМАЙ ҚОЙМАЙТЫН
БОЛАДЫ.



ЕНДІ БІЗ ЖЕРГЕ
ТҮСІП, БІРІН-БІРІ
ТҮСІНБЕУЛЕРІ ҮШІН
ОЛАРДЫҢ ТІЛІН
ШАТАСТЫРЫП
ЖІБЕРЕЙІК.



Faire
de la place
pour d'autres
à regarder
les étoiles
dieu.


Was
sagst du
idiot?

Nu pot să
înțeleg ce
se spune!



БҮЛ ТҮСІНІКСІЗ
ТІЛДЕ СӨЙЛЕУДІ
ДОҒАР! ЖОҒАЛ БҮЛ
ЖЕРДЕН!

НЕ БОЛЫП
ЖАТЫР ӨЗІ? СЕН
МЕНІ ТҮСІНБЕЙ
ОТЫРСЫН БА?



ЖАҢА ӘР-ТҮРЛІ ТІЛДЕРДЕ
СӨЙЛЕЙ БАСТАҒАНДАР ҒАНА
БІР-БІРІН ТҮСІНЕТІН.

СӨЙТІП МҰНАРА ҚҰРЫЛЫСЫ
ТОҚТАТЫЛДЫ. ҚҰДАЙ ЖОСПАРЛАП
ҚОЙҒАНДАЙ, АДАМДАР СОЛ ЖЕРДЕН
БҮКІЛ ЖЕР БЕТІНДЕ БЫТЫРАП КЕТТІ.



"THE BIBLE EXPLAINED
IN EVERY LANGUAGE."



SUPERBIBLE.TV